

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 10. Жаңа діни ағымдар және миссионерлік қызмет

Дәрістің мақсаты – Қазіргі әлемдегі діннің сакрализация және десакрализация дәрежесін бағалау.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Қазақстандағы жаңа діни ағымдар классификациясы;
2. Діни ілімді тарату ісіндегі миссионерлік стратегиялар мен технологиялар;
3. Діни бірлестіктер және олардың әлеуметтік желілерді, интернет кеңістігін пайдалану мүмкіндіктері.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап еліміздің территориясында жаңа, дәстүрлі емес діни ағымдардың таралуы белең алды. Ағылшын әлеуметтанушысы А. Баркер алғашқы болып «жаңа діни ағымдар» терминін анықтап, олардың бірқатар белгілерін атап өтеді. Оның айтуынша: «жаңа діни ағымдар – ХХ ғасырдың 50-жылдары пайда болған, дін, философия және рухани өмір сияқты фундаменталды сұрақтарға жауап беруге тырысатын діни сенімдер. Олардың негізгі белгілері: экзотикалық шығу тегі; өмір салтының жаңа мәдени стилі; харизматикалық көшбасшының болуы; қоғамның назарын өзіне аударатындай ерекшелігінің болуы; халықаралық деңгейде қызмет ету және т.б.». Сонымен бірге, біздің пікірімізше, жаңа діни ағымдардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – миссионерлік қызмет.

Белгілі дінтанушы Қ.М. Борбасова Қазақстандағы жаңа діни ұйымдарды үшке бөледі: неоориенталистік діни бірлестіктер; жаңа христиандық ұйымдар; исламдық бағыттағы жаңа діни ағымдар. Неоориенталистік діни бірлестіктерге индуизм мен буддизмнен шыққан жаңа діни құрылымдар жатады. Қазақстандағы неоориенталистік діни бірлестіктердің бірі – «Кришна санасы» қоғамы болып табылады. «Кришна санасы» қоғамы – өзінің белсенді миссионерлік қызметімен танымал. Діни кітаптар, діни құлшылыққа керекті заттарды сатумен және қайырымдылыққа қажетті қаражат жинаумен айналысады. «Кришна санасы» қоғамы өзінің қызметі барысында ғаламтор желісінде <http://krishna.kz>, <http://www.krishna.ru/> сайттарын және әлеуметтік желілерді пайдаланады. Діни сенімінің таралуын қолдайтын ұйым басшылығы миссионерлерді дайындау ісіне көп көңіл бөледі.

Бүгінгі таңда, неохристиандық ұйымдардың миссионерлік қызметіндегі басты ұстаным – таңдау еркіндігі. Яғни олар, әрбір адамның таңдау еркіндігі бар дей отырып, өз сенімдерін ұсынады. Шетел миссионерлері үшін Орталық Азия мемлекеттері, оның ішінде Қазақстан миссионерлік алаңға, яғни экономика тілімен айтқанда нарық алаңына айналды. Олар мұнда өз «тауарларын сатуға» алып келді. Тұтынушының оны алу-алмауы – өз таңдауы, оған дәстүрлі діндер немесе мемлекеттік органдар араласпауы тиіс деп есептелді. Өз кезегінде, миссионерлер өз «өнімін» өткізу үшін керекті айла-амалдарды жасайды. Бақталастыққа шыдай алмағандар қоғам перифериясында қалады. Жаңа христиандық шіркеулер – жаппай інжілдендіру арқылы өз мемлекеттерінің мүддесін жүзеге асырушылар және батыстық құндылықтарды таратушылар. Христиандық миссиялардың Орталық Азия мемлекеттерінде кеңінен таралуы, олардың халықаралық актілері мен қорғалуында. Сол себепті олар діни сенім бостандығын желеу етіп, жергілікті мемлекеттерде шіркеулер ашып, қауымының санын ұлғайтуға тырысады. Экономикада қалыптасқан нарықтық қатынастар жүйесі христиандық ұйымдар үшін тиімді болып, олар посткеңестік елдердің

діни кеңістігінде өздеріне қажетті орын алды. Ал исламға келер болсақ, посткеңестік мемлекеттерде, исламдық ұйымдарды (дәстүрлі және «халықтық» исламнан басқа нұсқаларын) радикализм және терроризммен байланыстыру белең алған.

Христиандықтың ішінде ең көп тармаққа бөлінген бағыты – протестанттар. Сондай-ақ неохристиандық ұйымдар ішінде протестанттық ұйымдардың белсенділігі ерекше. Протестантизмнің інжілдік, харизматикалық шіркеулерінің әлемдік мемлекеттерді інжілдендіруге бағытталған қызметі жаһандану үдерісі аясында жүзеге асып жатыр. протестанттар «Христос үшін шекара жоқ» деген жаһандық кеңістік жағдайына бейімделген жаңа институттар құрды. Олар трансұлттық корпорациялар жүйесіне ұқсайтын тармақталған миссиялық құрылымдар болды. Христиандық жаһандану жастар мәдениетінен барлық жақсы мен адамгершілік тұрғыда өз идеяларына сай келетінін алып, оған америкалық прагматикалық көзқарасты қосты. Жастарды өз қатарына тарту арқылы қоғамдағы үдерістерге ықпал ету мүмкіндігін алды.

Қазақстандағы протестантизм ағымдарының еліміздің территориясында пайда болу және таралу тарихын зерттей отырып, біз ел аумағында ХІХ–ХХ ғ. аралығында қоныс аударушылармен бірге келген діни сенімдер мен тәуелсіздік жылдары келген «жаңа» протестанттық ұйымдардың таралғанын анықтадық. Алғашқылар Інжілдік христиан-баптистер, Жетінші күн адвентистері және Иегова куәгерлері болса, кейінгілеріне, Елуіншілер (Жаңа өмір шіркеуі, Агапе және т.б.), Методистер (Біріккен Методист шіркеуі), Мун сектасы, Меннониттер, Пресвитериандар және Жаңа апостолдар шіркеуі жатады. Аталған діни ұйымдардың барлығы еліміздің территориясында белсенді миссионерлік арқылы таралды. Шіркеулер құрып, жаңа қауымдарды біріктіру, жергілікті елдің тілін меңгеріп, дәстүрін зерттей отырып, көздеген мақсаттарын жүзеге асырады. Жаңа діни ұйымдар мен елімізге дәстүрлі емес ұйымдардың қызметін, пайда болу тарихын және бүгінгі таңдағы жай-күйін зерттеу Қазақстанның дінтану ғылымының өзекті әрі маңызды қырларын ашатыны күмәнсіз.

Жалпы алғанда, жаңа діни ағымдар өз сенімдерін тарату мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланады. Олардың ішінде діни әдебиеттерді жергілікті халық тіліне аудару, адамдар арасында уағыз-насихат жүргізу, жергілікті тұрғындар арасынан діни қызметшілерді дайындау, қаржылай және психологиялық көмек көрсету, арнайы әлеуметтік топтармен жұмыс жасау, діни орындарды (шіркеу, мешіт, храм және т.б.) салу, заманауи технологияларды (радио, телевидение, БАҚ және интернет) пайдалану, тіл үйрету, шетелге оқуға жіберу, стипендия тағайындау, балаларға арналған жазғы лагерлерді ұйымдастыру сияқты тәсілдерді атап өтуге болды. Деструктивті сипаттағы діни ұйымдар болса, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына немесе дәстүрлі діндерге (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Орыс православие шіркеуі) қарсы халық арасында пікір қалыптастыру арқылы өз идеяларын таратады.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Неохристиандық ұйымдардың миссионерлік қызметінің басты ерекшеліктері;
2. Қазақстан жеріндегі ислам насихатының көріністері;
3. Жаңа діни ағымдардың миссионерлік қызметінің әдістері мен әдіснамасы.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандағы діндер: оқу құралы / Н.Ж. Байтенова, Б.Б. Мейрбаев, А.Д. Курманалиева және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 376 б.
2. Религиозные объединения в Казахстане: справочник. – Астана: МЦКР КДР МКС РК, 2015. – 42 б.
3. Рысбекова, Ш.С. Христианство в Казахстане: история и современность / Ш.С. Рысбекова, А.Д. Курманалиева, Б.Б. Мейрбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 132 с.

4. Баркер, А. Новые религиозные движения. – СПб.: Издательство Русского Христианского гуманитарного института, 1997. – 282 с.
5. Байтенова, Н.Ж. [және т.б.]. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 320 б.
6. Борбасова, Қ.М. Діни бірлестіктер және ұлттық қауіпсіздік мәселесі: монография. – Алматы, 2009 – 212 б.
7. Вильковски Д. Арабо-мусульманские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение. – Астана; Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2014. – 192 с.